«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Шығыс Қазақстан облысының әділет департаменті
Семей қаласының аудан аралық әділет басқармасы»
республикалық мемлекеттік мекемесі
Заңды тұлғаға (филиал мен өкілдікке) мемлекеттік
(есептік) қайта тіркеу
2022 ж. «26» 09 жүргізілді
БСН 110840016453
2011 ж. «24» 08
Алғашқы тіркелген күні
ЭМТН 3130 1917-27-

Қала әкімдігінің
2022 жылғы «31» тамыз
№1426 қаулысымен
бекітілген

**«Абай облысы Семей қаласының құрылыс бөлімі»**
**мемлекеттік мекемесі туралы**
**ЕРЕЖЕ**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Абай облысы Семей қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) Семей қаласының құрылыс саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімде ведомстволар жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің нормативтік актілеріне және қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де нормативтік актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Бөлім заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Абай облысы Семей қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті облыстық атқарушы орган жеткізген штат санының лимиті және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормативтер шегінде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын қала әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Абай көшесі, 97.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Бөлімге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс белгіленген тәртіппен жергілікті бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## 2. «Абай облысы Семей қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

аумақты кешенді әлеуметтік-экономикалық дамытудың перспективалық және ағымдағы міндеттерін шешуге бағытталған құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын әлеуметтік-мәдени, тұрғын үй құрылысы, қаланы және іргелес елді мекендерді сумен қамтамасыз ету, жылумен жабдықтау бағдарламаларын жүзеге асыру;

өз құзыреті шегінде құрылыс объектілерінің қажетті жобалау-сметалық құжаттамамен қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыру және оны уақтылы жаңарту мен түзетуді қамтамасыз ету;

қала мен елді мекендердің бас жоспарының іске асырылуына пәрменді бақылауды қамтамасыз ету, олардың кешенді құрылысын жүзеге асыру және тұрғын аудандарды абаттандыру, толыққанды қоршаған ортаны құру және қолдау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Бөлім мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады;

Бөліммен жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен тіркелуге жатады. Шарттық міндеттемелер бойынша мекеменің жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Бөлімді ұстауға бекітілген смета шегінде туындайды;

Бөлім қаланың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын әзірлеуге және келісуге, әлеуметтік-мәдени құрылысты, тұрғын үй құрылысын, сумен қамтамасыз етуді, құрылыс саласының базасын жылумен жабдықтауды, өнеркәсіптік құрылыс индустриясын дамыту және қала құрылысы бағдарламаларын іске асыру бөлігінде қатысуға құқылы;

объектілерді салуды, реконструкциялауды жобалау мәселелерін реттейтін нормалар мен ережелерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

құрылысы аяқталған тұрғын үй-азаматтық, өндірістік және өндірістік емес маңызы бар және сумен қамтамасыз ету объектілерін пайдалануға қабылдауға қатысу;

құрылыс қызметін жүзеге асыру бойынша мемлекеттік лицензияларды беру немесе жою мүмкіндігі туралы пікірлер мен қорытындылар ұсыну;

құрылыс және қала құрылысы тәртібін бұзу туралы уәкілетті органдарға жүгіну мен материалдарды жіберу және кінәлілерді заңда көзделген жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізу;

және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласында бақылауды жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамасының және Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде бөлім әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға құқылы;

жергілікті статистика органдарынан, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардан, сондай-ақ қалалық бөлімдерден Бөлімге жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты алу;

2) міндеттері:

объектілерді салу, реконструкциялау жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу бойынша тапсырыс беруші болу;

қажет болған жағдайларда ғылыми қызметкерлер мен мамандарды нысаналы бағдарламаларды, тұжырымдамаларды және басқа да құжаттарды әзірлеуге қатысу үшін шарттық негіздерде тарту;

акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқықтарын, мемлекеттік заңды тұлғалар субъектісі құқықтарын және пайдалану құқықтарын жүзеге асыру, соның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес тиісті саладағы уәкілетті органдардың құзыретіне ұқсас шешімдер қабылдау;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін (хаттарын, шағымдарын, арыздарын, сұрауларын) уақтылы қарауды және олар бойынша мекеме құзыреті шегінде шешімдер қабылдауды жүзеге асыру;

әзірлеушісі мекеме болып табылатын әкімнің және әкімдіктің нормативтік құқықтық актілеріне құқықтық мониторингті жүзеге асыру және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылған деп тану бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

Бөлім балансында бекітілген коммуналдық мүліктің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру және өзге міндеттерді орындау.

15. «Абай облысы Семей қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

қаланың, қала маңы аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуының нысаналы бағдарламаларын, құрылыс саласындағы кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

құрылыс саласында сәулет және қала құрылысы органдарымен жобалардың мемлекеттік сараптамасымен және мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы мен лицензиялау органдарымен бірлескен қызметті жүзеге асырады;

жергілікті жерлерде құрылыс саласында қолданыстағы мемлекеттік нормативтердің дұрыс қолданылуына, құрылыс саласында бекітілген өңірлік

және өңіраралық, мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына қадағалау жүргізеді;

қала әкімінің және қала әкімдігінің құқықтық актілерінің жобаларын дайындайды;

басқару органдары, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен азаматтар арасында туындайтын қолданыстағы құрылыс саласындағы заңнамаға сәйкес даулы мәселелерді реттеуге шаралар қабылдайды;

тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша уәкілетті органға есептер мен өтінімдерді дайындауды жүргізеді;

жобалық және мердігерлік ұйымдармен шарттар жасасады және бұзады;

үлескерлердің ақшасын жұмылдыруға рұқсат беруді жүзеге асырады;

тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беруді жүзеге асырады;

тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды жүзеге асырады;

қала тұрғындарының тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге байланысты жетекшілік ететін салалардағы штаттан тыс жағдайлар туралы қала әкіміне немесе жетекшілік ететін әкім орынбасарына уақытында жеткізу;

қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының рейтингтік бағалау көрсеткіштерін жақсарту бойынша мониторинг, талдау және бақылау жүргізуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамасының негізгі міндеттері мен функцияларына қайшы келмейтін өзге де функцияларды, сондай-ақ қала әкімімен Бөлімге арнайы жүктелген міндеттерді орындайды.

## 3. Бөлімнің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Бөлімді басқаруды басшы жүзеге асырады, ол Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Бөлім басшысын қала әкімі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Бөлім басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Бөлім басшысының өкілеттіктері:

1) дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Бөлім қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді;

2) белгіленген тәртіппен атқарушы органдардан Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін қажетті материалдарды сұратады және алады;

3) мүдделі ұйымдардың өкілдерін тарта отырып, Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңестер шақырады;

4) Бөлім жұмыскерлерінің өкілеттіктерін айқындайды;

5) Бөлімнің атынан сенімхатсыз әрекет етеді, барлық ұйымдарда оның мүддесін білдіреді;

6) шарттар жасасады;

7) сенімхаттар береді;

8) банк шоттарын ашады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәмілелерді жасасады;

9) іссапарлар, тағылымдамалар, жұмыскерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және жұмыскерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

10) Бөлімнің барлық жұмыскерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Бөлімнің жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

12) Бөлім жұмыскерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар белгілейді;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бөлімнің басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

## 4. Бөлімнің мүлкі

21. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлімнің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## 5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

24. Бөлімді қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Утверждено
постановлением акимата города
от «31» августа 2022 года
№ 1426

# ПОЛОЖЕНИЕ
## о государственном учреждении «Отдел строительства города Семей области Абай»

### 1. Общие положения

1. Государственное учреждение «Отдел строительства города Семей области Абай» (далее – Отдел) является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере строительства.

2. Отдел не имеет ведомства.

3. Отдел осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, законодательством Республики Казахстан в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, нормативными актами Президента и Правительства Республики Казахстан и другими нормативными актами в соответствии с действующим законодательством, а также настоящим Положением.

4. Отдел является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печать и штампы с изображением Государственного Герба Республики Казахстан со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, а также в соответствии с законодательством Республики Казахстан счета в органах казначейства.

5. Отдел вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

6. Отдел имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством.

7. Отдел по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя Отдела и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

8. Структура и лимит штатной численности Отдела утверждаются постановлением акимата города, финансируемых из местного бюджета в пределах лимита штатной численности, доведенного областным исполнительным органом и нормативов, установленных Правительством Республики Казахстан.

9. Местонахождение юридического лица: индекс 071400, Республика Казахстан, область Абай, город Семей, ул. Абая, 97.

10. Настоящее Положение является учредительным документом Отдела.

11. Финансирование деятельности Отдела осуществляется из местного

бюджета.

12. Отдел не вправе вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями Отдела.

В случае предоставления Отделу в соответствии с законодательством Республики Казахстан право осуществлять приносящую доходы деятельность, то доходы, полученные от такой деятельности, в установленном порядке направляются в доход местного бюджета.

## 2. Задачи и полномочия Отдела

13. Задачи:

проведение государственной политики в области строительства, направленной на решение перспективных и текущих задач комплексного социально-экономического развития территории;

реализация государственной политики в области строительства, осуществление программ социально-культурного, жилищного строительства и программ водообеспечения, теплоснабжения города и прилегающих населенных пунктов, финансируемых за счет бюджетных средств;

осуществление в пределах своей компетенции контроля за обеспеченностью объектов строительства необходимой проектно-сметной документацией и обеспечение своевременного её обновления и корректировки;

обеспечение действенного контроля за реализацией генерального плана города и населенных пунктов, осуществление их комплексной застройки и благоустройство жилых районов, проведение комплекса мероприятий по созданию и поддержанию полноценной окружающей среды.

14. Полномочия:

1) права:

Отдел приобретает права юридического лица с момента государственной регистрации;

гражданско-правовые сделки, заключаемые Отделом, подлежат регистрации в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан. По договорным обязательствам ответственность учреждения наступает в пределах утвержденной сметы на содержание Отдела в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;

Отдел вправе участвовать в разработке и согласовании планов социально-экономического развития города, в части развития социально-культурного строительства, жилищного строительства, водообеспечения, теплоснабжения базы строительной отрасли, промстройиндустрии и реализации градостроительных программ;

вносить предложения по совершенствованию норм и правил, регулирующих вопросы проектирования строительства, реконструкции объектов;

участвовать в приемке в эксплуатацию законченных строительством объектов жилищно-гражданского, производственного и непроизводственного значения и водообеспечения;

представлять отзывы и заключения о возможности выдачи или

аннулирования государственных лицензий по осуществлению строительной деятельности;

обращаться и направлять в уполномоченные органы материалы о нарушении строительной и градостроительной дисциплины и вносить предложения о привлечении виновных к предусмотренной законом ответственности;

осуществлять контроль в сфере долевого участия в жилищном строительстве. При выявлении нарушений требований законодательства Республики Казахстан о долевом участии в жилищном строительстве и жилищного законодательства Республики Казахстан, Отдел вправе составлять протоколы об административных правонарушениях;

получать от местных органов статистики, предприятий и организаций всех форм собственности, а также городских отделов информацию, необходимую для выполнения возложенных на Отдел задач;

2) обязанности:

выступать заказчиком по разработке инвестиционных программ по строительству, реконструкции объектов;

привлекать в необходимых случаях научных работников и специалистов для участия в разработке целевых программ, концепций и других документов на договорных основаниях;

осуществлять права владения и пользования государственным пакетом акций акционерных обществ и долями участия в товариществах с ограниченной ответственностью, субъекта права государственных юридических лиц, в том числе принимать решения, аналогично компетенции уполномоченных органов соответствующей отрасли согласно законодательству Республики Казахстан о государственном имуществе;

осуществлять своевременное рассмотрение обращений (писем, жалоб, заявлений, запросов) физических и юридических лиц и принимать по ним решения в пределах компетенции учреждения;

осуществлять правовой мониторинг нормативных правовых актов акима и акимата, разработчиком которых являлось государственное учреждение «Отдел строительства города Семей Восточно-Казахстанской области» и своевременно принимать меры по внесению в них изменений и (или) дополнений или признанию их утратившими силу;

обеспечивать контроль за использованием и сохранностью коммунального имущества, закрепленного на балансе Отдела;

осуществлять иные права и выполнять иные обязанности, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

15. Государственное учреждение «Отдел строительства города Семей области Абай» в соответствии с возложенными на него задачами осуществляет следующие функции:

участвует в разработке и реализации целевых программ социально-экономического развития города, пригородной зоны, государственной программы поддержки предпринимательства в области строительства;

осуществляет государственные закупки товаров, работ и услуг;

осуществляет совместную деятельность в области строительства с органами архитектуры и градостроительства, государственной экспертизы

проектов и органами государственной архитектурно-строительной инспекции и лицензирования;

ведет надзор за правильностью применения на местах действующих государственных нормативов в сфере строительства, реализации утвержденных региональных и межрегиональных, государственных программ в области строительства;

подготавливает проекты правовых актов акима города и акимата города;

принимает меры к урегулированию спорных вопросов в соответствии с действующим законодательством в области строительства, возникающих между органами управления, хозяйствующими субъектами и гражданами;

ведет подготовку расчетов и заявок в уполномоченный орган по государственным закупкам товаров, работ и услуг;

заключает и расторгает договоры с проектными и подрядными организациями;

осуществляет выдачу разрешения на привлечение денег дольщиков;

осуществляет выдачу выписки об учетной записи договора о долевом участии в жилищном строительстве;

осуществляет субсидирование ставок вознаграждения по выдаваемым кредитам банками второго уровня субъектам частного предпринимательства для целей жилищного строительства;

своевременно доводит до акима города или курирующего заместителя акима о внештатных ситуациях в курируемых отраслях, от которых зависит жизнеобеспечение населения города;

осуществляет проведение мониторинга, анализа и контроля по улучшению показателей рейтинговой оценки социально-экономического развития города;

исполняет иные функции, не противоречащие основным задачам и функциям законодательства Республики Казахстан в архитектурной, градостроительной и строительной сфере, а также специально возложенные на Отдел обязанности акимом города.

## 3. Статус, полномочия первого руководителя Отдела

16. Руководство Отделом осуществляется руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Отдел задач и осуществление им своих функций.

17. Руководитель Отдела назначается на должность и освобождается от должности акимом города.

18. Руководитель Отдела имеет заместителей, которые назначаются на должности и освобождаются от должностей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

19. Полномочия руководителя Отдела:

1) действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает вопросы деятельности Отдела в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим Положением;

2) запрашивает и получает в установленном порядке от исполнительных органов материалы, необходимые для решения вопросов, входящих в компетенцию Отдела;

3) созывает в установленном порядке совещания по вопросам, входящим в компетенцию Отдела, с привлечением представителей заинтересованных организаций;

4) определяет полномочия работников Отдела;

5) без доверенности действует от имени Отдела, представляет его интересы во всех организациях;

6) заключает договоры;

7) выдает доверенности;

8) открывает банковские счета и совершает иные сделки в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

9) утверждает порядок и планы по командировкам, стажировкам, обучению работников в казахстанских и зарубежных учебных центрах и иным видам повышения квалификации работников;

10) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников Отдела;

11) принимает на работу и увольняет с работы работников Отдела;

12) применяет меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания на работников Отдела;

13) принимает меры по противодействию коррупции и несет за это персональную ответственность;

14) осуществляет иные полномочия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Исполнение полномочий руководителя Отдела в период его отсутствия осуществляется лицом, его замещающим в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

20. Руководитель Отдела определяет полномочия своих заместителей в соответствии с действующим законодательством.

## 4. Имущество Отдела

21. Отдел может иметь на праве оперативного управления обособленное имущество в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

Имущество Отдела формируется за счет имущества, переданного ему собственником, и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

22. Имущество, закрепленное за Отделом, относится к коммунальной собственности.

23. Отдел не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выданных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан.

## 5. Реорганизация и упразднение Отдела

24. Реорганизация и упразднение Отдела осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Осы құжат бау өткізіліп
11 беті нөмірленген
202__ жыл "__" ______